**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша бойынша академиялық комитет мәжілісінің**
**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **30.10.2025 ж.**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Ауезов Батырхан Нагашбекович; АК мүшелері- п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна, PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы, жұмыс беруші өкілі: Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна, №23 IT мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгул Абдуллаевна, білімгерлер: 7М01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның магистранты Ақтай Жансая; 6В01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның студенті Жайлау Аяжан Қуандыққызы.

Қатыспағандар: -

**Күн тәртібінде**

1.АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, ББ даму жоспары (2025-2026 жж.) ;
2. 7М013- Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау

**1-мәселе бойынша** АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Ауезов Батырхан Нагашбекович: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде Академиялық комитеттің құрамына өзгертулер енгізу, қайта бекітуге ұсыну, Академиялық комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Академиялық комитеттің 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну, қолданыстағы ББ бойынша пән силлабустарының мазмұнын бақылауға алу бойынша жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық. Құрметті АК мүшелері, 2025-2026 оқу жылының Академиялық комитет құрамына өзгерістер енгізілді. Академиялық комитет құрамы төмендегідей кестеге сәйкес ұсыныс берілді.

**Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша:**

| № | Аты жөні | Қызметі, атағы, дәрежесі | Телефон | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Ауезов Батырхан Нагашбекович | Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, PhD | 87054387676 | АК төрағасы, |
| 2. | Рысбекова Айман Қалышбаевна | Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к. | 87758972064 | АК мүшесі, академиялық персонал |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | кафедрасының аға оқытушысы | | |
| 4. | Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы | Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы | 87011751714 | |
| 5. | Урумова Рахила Кенжебековна | Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры | 87024560275 | АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі |
| 6. | Ахилбекова Айгул Абдуллаевна | №23 IT мектеп-лицейінің бастауышта тәрбиесінің орынбасары | 87716728976 | АК мүшесі, білімгерлер өкілі |
| 7. | Жайлау Аяжан Қуандыққызы | 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының студенті | 87782383804 | |

Академиялық комитеттің барлық мүшелері ережелермен, сол ережеге сүйеніп жасалған жұмыс жоспарымен таныстырылды.

| № | | Орындалатын жұмыстар | Орындау мерзімі | Орындаушы | Орындау нәтижесі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 | АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, ББ даму жоспары (2025-2026 жж.) | 2025 жыл, қыркүйек-қазан | АК төрағасы, мүшелері, кафедра ОПҚ | Жұмыс жоспары |
| | 2 | 7М013- Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспарын жасау | | | Мәжіліс хаттамасы |
| 2 | 1 | Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру | 2025 жыл, қараша-желтоқсан | Кафедра меңгерушісі АК төрағасы, мүшелері | Мәжіліс хаттамасы |
| | 2 | ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (Магистратура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) | | | |
| | 3 | ББ SWOT-талдау | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 1 | Әзірленген, жаңартылған ББ Реестрге енгізу, аккредитация есептерін даярлау. | 2026 жыл, қаңтар-наурыз | Кафедра меңгерушісі, кафедра ОПҚ, АК төрағасы, мүшелері | Мәжіліс хаттамасы |
| 4 | 1 | Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларды ұйымдастыру, нәтижелерін талдау, есеп дайындау. | 2026жыл сәуір-мамыр Маусым | АК төрағасы, мүшелері, Кафедра меңгерушісі | Мәжіліс хаттамасы |

2025-2026 оқу жылының Академиялық комитет жұмыс жоспары бойынша ұсыныстарыңыз болса, ортаға салып талқылайық. Академиялық комитет құрамы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақтүрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасымен таныстырылды (https://ayu.edu.kz/kz/2864/stratejik-dokumanlar).

**2-мәселе бойынша** ББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлауды ұйымдастыру. Өз ойларыңызды ортаға салып, талқылайық. 7М01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ бойынша 2025 жылы 24 мамырдағы SA – A №0330/12 шешімімен 2030 жылы 23 мамыр аралығында аккредиттеуден өтті.

**АК мүшесі, п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна:** 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебінде АК жұмыстарын ұйымдастыруды жақсарту ұсыныстарының бір пунктінде ББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту керек деген ұсыныс берілген. Сол себепті жаңа 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарында мониторингке арналған ұйымдастыру жұмыстары жоспарға енгені абзал деп санаймын.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна:**

Құрметті әріптестер, Оқу орны үшін білікті мамандарды даярлау – аса маңызды міндеттердің бірі. Сол себепті білім беру мекемелерімен өзара байланысымызды нығайтып, болашақ мамандардың кәсіби дағдыларын жетілдіруге атсалысу біз үшін үлкен мәртебе.

Қазіргі еңбек нарығы үздіксіз өзгеруде. Бәсекеге қабілетті маман болу үшін теориялық біліммен қатар, практикалық тәжірибе, жауапкершілік, жаңашылдық және шығармашылық ойлау қажет. Осы бағытта студенттердің ынтасы мен талпынысын ерекше атап өткім келеді. Біздің мекемеде тәжірибеден өткен білім алушылар жоғары кәсіби мәдениетін, ұйымшылдығын және өз ісіне деген қызығушылығын көрсетті.

Алдағы уақытта да бірлескен жұмысты жалғастырып, білім мен тәжірибені ұштастыратын жаңа мүмкіндіктерді бірге қалыптастырамыз деген сенімдемін. Болашақ мамандардың биік белестерді бағындыруына тілектеспін.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі №23 IT мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгул Абдуллаевна:** Құрметті ұстаздар, қадірлі әріптестер, Біздің мекемеде тәжірибеден өткен студенттердің жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз және еңбекқор болғанын ерекше атап өткім келеді.Практика барысында студенттер тек теориялық білімдерін бекітіп қана қоймай, шынайы жұмыс ортасының талаптарын сезініп, кәсіби дағдыларын дамытты. Әрқайсысы өзіне жүктелген тапсырмаларды тиянақты орындап, ұжыммен тіл табысып, өз мамандығына деген қызығушылығын көрсете алды.

Сонымен бірге, білім беру ұйымдары мен жұмыс берушілердің өзара ынтымақтастығы – сапалы маман даярлаудың басты кепілі екенін дәлелдеді. Студенттердің кәсіби қалыптасуына бағыт-бағдар берген ұстаздарға және тәжірибелік оқытуға қолдау көрсеткен ұжымға алғыс білдіремін.

Алдағы уақытта да бірлескен жұмысты жалғастырып, жас мамандардың кәсіби өсуіне жағдай жасай береміз. Тәжірибеден өткен барлық студенттерге табыс тілеймін.

АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Ауезов Батырхан Нагашбекович: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:**

**1.**АК жұмысын ұйымдастырылып, АК мүшелері ережелермен таныстырылсын.

2. ББ аккредиттеу және постмониторинг жоспары жасалынып,есеп дайындалсын.

**АК төрағасы:** **Ауезов Б.Н**

**Хатшы:** **Ақтай Ж**